


**ОРТА ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ:  
ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

МРНТИ 14.29.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.027>

А.Б.Шадырова<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ  
БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МОДЕЛІН ЖОБАЛАУ**

*Аңдатпа*


Мақалада автор орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделін жобалаудың әртүрлі тәсілдерін қарастырады. Ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау нәтижесі, модельдеу зерттеудің көп қырлы әдісі бола отырып, таным теориясының ажырамас бөлігі ретінде әрекет ететіндігін көрсетті.

Модель тұжырымдамасын және модельдеу мәселелерін философиялық тұрғыдан талдай отырып, ғалымдар өз зерттеулерінде жүзеге асырды. Мақалада модельдеу зерттеу объектісінің мәніне тереңірек енуге мүмкіндік беретіні аталды.

Автор шетелдік және қазақстандық ғалымдардың инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделін жобалау жөніндегі диссертациялық жұмыстарына жүргізілген талдау негізінде (2003-2023жж.) инклюзивті білім беру моделін жобалаудың әртүрлі тәсілдері бар екенін айқындайды және автор модельдердің мынадай түрлерін белгіледі: инновациялық модель, өңірлік модель, интегративті модель, синергетикалық модель, құрылымдық-мазмұндық модель және т. б.

Мақалада инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделінің, арнайы мектептің жаңартылған моделінің негізгі тұстары сипатталған.

**Түйін сөздер:** модель, модельдеу, жобалау, модельді жобалау тәсілдері, инклюзивті білім беру, тәжірибе.

Шадырова А.Б.<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г.Алматы, Казахстан

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОДЕЛИ ОРГАНИЗАЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**


*Аннотация*

В статье автор рассматривает различные подходы к проектированию модели организации инклюзивного образования в организациях среднего образования. Анализ научно - педагогической, специальной литературы показал, что моделирование, являясь многоплановым методом исследования, выступает в качестве составной части теории познания. В исследованиях ученых осуществлена попытка философского анализа понятия модели и проблем моделирования. В статье отмечается, что моделирование создает возможность более глубокого проникновения в сущность объекта исследования.

Автор на основе проведенного анализа диссертационных работ зарубежных и казахстанских ученых по проектированию модели организации инклюзивного образования (2003-2023гг.) определяет, что существуют различные подходы к проектированию модели инклюзивного образования и авторы определяют следующие виды моделей: инновационная модель, региональная модель, интегративная модель, синергетическая модель, структурно-содержательная модель и др.

В статье дается характеристика ключевых моментов модели организации инклюзивного образования, обновленной модели специальной (коррекционной) школы и др.

**Ключевые слова:** модель, моделирование, проектирование, подходы к проектированию модели, инклюзивное образование, опыт.

Shadyrova A.<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## DESIGNING A MODEL FOR THE ORGANIZATION OF INCLUSIVE EDUCATION IN SECONDARY EDUCATION ORGANIZATIONS

### Abstract

This article explores various approaches to developing a model for organizing inclusive education within secondary education institutions. Through an analysis of scientific, pedagogical, and specialized literature, it is established that modeling serves as a multidimensional research method integral to the theory of cognition.

The philosophical analysis of the concept of a model, as discussed by scholars such, highlights how modeling enhances our understanding of the studied object.

By reviewing dissertations from both foreign and Kazakhstani researchers (2003-2023), the author identifies diverse approaches to designing inclusive education models, categorizing them into several types: innovative, regional, integrative, synergetic, and structural-content models.

The article describes the key points of the model of the organization of inclusive education, the updated model of a special school, etc.

**Keywords:** model, modeling, design, approaches to model design, inclusive education, experience.

**Кіріспе.** Қазақстан білім беруді жаңғыртуға бағыт алғаны белгілі. Білім саласындағы өзгерістер инклюзивті білім беру принциптерін іске асыруды көздейді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс болып айқындалған [1].

Ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау инклюзивті (қосу арқылы) білім берудің алғашқы тәжірибесі 1899 жылы Маннгейм (Германия) қаласында Й.Зиккингер маннгейм жүйесі болып табылатындығын көрсетті. Мектеп жүйесіне кіріктіре отырып, бастау алуы Зиккингердің «баршаға және әрбіріне арналған қолжетімділік» ұғымы болып табылады [2]. Оның пікірінше, білім берудің қолжетімдігі бірқатар факторлармен қамтамасыз етілуі керек, атап айтсақ: әр баланың оқуға қабілеттілігін тану қажеттілігі; оқуда әр түрлі қиындықтарға кезігетін балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтерді даярлау; оқу мерзімдерінің әр түрлі ұзақтығы және мазмұны бірдей оқу жоспарлары мен бағдарламаларын игеру қарқыны; пәндік оқытуда бағдарламалық материал көлемін игеру деңгейлері; оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және оқушылардың ерекшеліктеріне бейімделген арнайы еңбек және демалыс режимі.

Осылайша, алғаш рет Зиккингер оқуда қиындыққа кезігетін балаларға арналған арнайы оқу шарттары туралы сұрақ қойды. Оның пайымдауынша, «баршаға арналған халық мектебінің» ұйымдастырушылық құрылымы сыныптар бойынша параллельді қамтуы тиіс: дарынды балалар үшін, орта және жоғары қабілеттері бар балалар үшін, қалыпты, бірақ қабілеті төмен немесе ауырған балалар үшін (көмекші сыныптар), ақыл-ойы кем балалар үшін (көмекші сыныптар). Барлық оқыту кезеңінде оқушылардың қолайсыз параллель сыныптан қолайлы сыныпқа көшуі және керісінше сол бағдарламамен оқу жылы бойында оқушының табысты немесе табыссыз оқуына байланысты болуы.

*Негізгі ережелер:* Модельдеу зерттеудің көпқырлы әдісі бола отырып, таным теориясының құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. Инклюзивті білім беру моделін жобалаудың негізгі тәсілдері модельдердің келесі түрлерін анықтайды: инновациялық модель, аймақтық модель, интегративті модель, синергетикалық модель, құрылымдық-мазмұнды модель.

Орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделі – бұл жүйе және кез келген жүйе белгілі бір принциптерге сәйкес жүзеге асырылады.

**Материалдар мен әдістер.** Жұмысымызда Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерін талдау, ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау,

инклюзивті білім беру мәселесі бойынша диссертациялық жұмыстарды талдау, контент-талдау әдісі, салыстыру, жүйелеу, озық тәжірибені зерделеу сияқты ғылыми зерттеудің мынадай әдістері пайдаланылды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Зерттеу объектісі ретіндегі әлеуметтік процестердің күрделілігіне байланысты даму болжамдары формализация дәрежесі, әрекет принципі, ақпарат алу тәсілі бойынша құрылымдалған көптеген әдістерге сүйенеді. Модельдеу зерттеудің көпқырлы әдісі бола отырып, таным теориясының құрамдас бөлігі ретінде әрекет ететіні белгілі. Модель ұғымы мен модельдеу мәселелерін философиялық талдау Б.А.Глинский, Б.С.Грязнов, Б.С.Дынин, Е.П.Никитин, В.А.Штоффтың және басқалардың көрініс тапты [3, 4].

Модельдеу зерттеу объектісінің мәніне теренірек үңілуге мүмкіндік береді. Г.В.Суходольский «модельдеу» ұғымына келесідей анықтама береді – модельдер иерархия-сын құру процесі, онда кейбір нақты жүйелер әртүрлі аспектілерде және әртүрлі тәсілдермен модельденеді [5].

Модельдеудің ең көп таралған түрі – бұл нақты объектілерде жасау мүмкін емес немесе мүмкін емес жағдайларда жүйелермен (қолданыстағы немесе болжамды) тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін модельдеу болып табылады.

Пермск өлкесінде дамуында ауытқулары бар балаларға көмек жүйесінің теориялық моделін құру кезінде ғалымдар гуманитарлық ғылымдардағы теориялық модельдеу принциптеріне негізделген [6].

В.В.Коркуновтың пікірінше, жүйелік модельдеу бізді арнайы білім беруді дамытудың ресейлік тұжырымдамасында көрсетілген мәселелерді шешу жолдарын түсінуге жетелейді [7].

Модельдеу процесі объект туралы жүйелік идеялармен, күрделі ұйымдастырылған объектілер – жүйелер туралы қазіргі ғылыми білімнің бірыңғай бағыты ретінде жүйелік тәсілмен тығыз байланысты.

Жүйелік тәсіл идеялары әртүрлі ғылыми тұжырымдамаларда, оның ішінде Л.С.Выготскийдің психикалық дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасында [8], Т.А.Власова мен М.С.Певзнердің психофизикалық дамуы бұзылған балаларды сараланған оқыту теориясында көрініс тапты [9].

Г.Н.Сериков білім берудегі жүйелік тәсілге тән белгілерді атап өтті [10]:

- білім берудің кез келген аспектісін, процесін, құбылысын белгілі бір білім беру жүйесі ретінде қарастыру;

- кез келген білім беру жүйесін метажүйенің элементі ретінде қарастыру;

- мемлекеттің нысаналы тапсырысының білім беру жүйелерінің пайда болуының басты негіздері және білім беру субъектілерінің жеке қажеттіліктерін айқындау;

- сабақтастық нысандарын анықтауды, сапалық өзгерістерді табуды, жүйенің дамуын реттеуді көздейтін білім беру жүйелерінің генетикалық қасиеттерін мақсатты есепке алу;

- шекті шекараларды бақылау үшін қажет жүйенің мүмкіндіктерін есепке алу;

- білім беру жүйесін адамдардың игілігі үшін пайдалану;

- қызметтің негізгі әдістері ретінде индукция мен синтезге жүйелі тәсілді жүзеге асырудағы тірек.

Жүйелік тәсіл жүйелік талдаудың анықтаушы тұжырымдамасы болып табылады. В.А. Ядов зерттеу пәнінің жүйелік талдауын «зерттеу мәселесін модельдеу» деп анықтады [11].

Көптеген ішкі жүйелік элементтері бар үлкен жүйені модельдеу процесінде бізге сыныптары бар мектеп ұйымы сияқты, оның ішінде интеграция мен дифференциация процестері арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелетін объективті тенденциялар бар екенін ескеру қажет, нәтижесінде жүйенің тұтастығы жоғалуы ықтимал. Алайда, мұндай білім беру

жүйелерінің ішіндегі тепе-теңдікті сақтау механизмін сипаттайтын ғылыми зерттеулер жеткіліксіз (О.Л. Алексеев, В.В. Коркунов) [12].


Заманауи әлемде көптеген авторлар арнайы педагогикалық әдебиеттерде ұсынылған инклюзивті (қосылған) білім беруді ұйымдастырудың көптеген модельдері белгілі [12].

Жалпыланған түрде олар оқытудың келесідей нұсқаларын ұсынады (С.О. Брызгалова) [13], 1-сурет:

1. Жалпы білім беретін мектептің қалыпты сыныбына ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қосу.

2. Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы сыныптарды ұйымдастыру.

3. Жалпы білім беретін мектепте психикалық және дене кемістігі бар балаларға арналған модуль-сыныптарды ұйымдастыруды көздейтін модульдік қосып оқыту.



1-сурет. Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың модельдері (С.О. Брызгалова, 2007)

Т.В.Кузьмичева бастауыш жалпы білім беру мұғалімі мен арнайы психологтың психалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының жеке психоәлеуметтік дамуын бақылау процесінде реттелген өзара әрекеттесу моделін анықтады, бұл педагогикалық жағдайларды дараландырудың және психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының білімін психологиялық қолдаудың негізгі факторы ретінде қарастырылуы мүмкін [14].

Ю.Ю.Антропова денсаулық сақтау мекемесі жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көмек көрсетудің инновациялық моделін келесідей қарастырады [15]:

- ұйымдастырушылық-басқару;
- диагностикалық;
- ақпараттық-аналитикалық;
- ғылыми-әдістемелік;
- консультативтік;
- медициналық-әлеуметтік оңалту;
- психологиялық-педагогикалық оңалту;
- әлеуметтік оңалту;

- шығармашылық оңалту;
- спорттық-сауықтыру оңалту;
- әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және кәсіптік даярлау, рекреациялық (демалыс және бос уақытты ұйымдастыру модулі);
- ведомствоаралық өзара іс-қимыл, PR-модуль (қоғаммен байланыс модулі).

Төменде біз инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделін жобалау бойынша шетелдік және қазақстандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарын талдадық (2003-2023 жж.), 1-кесте.

*1-кесте Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделін жобалау бойынша шетелдік және қазақстандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарын талдау (2003-2023 жж.)*

№	Модель	Модель сипаттамасы	Жұмыстың атауы	Зерттеуші авторлар
1	Инновациялық модель	Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көмек көрсетудің инновациялық моделі, қолданыстағы өңірлік жүйеге жоқ модульді, яғни осындай балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастырудың вариативті формаларын енгізуге және міндеттер кешенін шешуге бағытталған	Моделирование системы оказания специальной помощи детям с ограниченными возможностями здоровья в Уральском регионе: На примере Свердловской области. дисс...к.п.н. Екатеринбург, 2003-261с.	Ю.Ю. Антропова
2	Интегративті модель	Интегративті модель шеңберінде психикалық дамуы тежелген балаларға математикалық білім берудің педагогикалық жүйесін іске асыру математикалық дамудың маңызды көрсеткіш-терін, оның мақсаттарын, пәндік-даму ортасын, ұйымдастыру нысандарын, әдістерін, мазмұнын, әдістемелік тәсілдерін және түзету-дамыту жұмысының педагогикалық технологияларын есепке алу негізінде мүмкін болады	Интергративная модель математического образования дошкольников с задержкой психического развития. дисс.д.п.н., Москва 2005-505с.	Л.Б. Баряева
3	Өңірлік модель	Арнайы білім берудің өңірлік жүйесі – құрылымдық элементтері өзара байланысты және детерминерленген байланыстардың әртүрлі типтерімен өзара байланысты күрделі ашық өзін-өзі дамытатын жүйе	Региональная модель системы специальной педагогической помощи детям с проблемами в развитии в Пермском крае: историко-генетический подход. дисс.к.п.н, Екатеринбург 2007- 206с.	Н.Л. Лестова
4	Муниципальді модель	Модельдеу инклюзивтілік және бейімділік, мақсат қою, даралық, интеграция мен жүйедегі кедергілерді реттеу сияқты жүйелі қызмет принципі негізінде қалыпты дамыған балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды бірлесіп оқытуды көздейтін муниципалды деңгейдегі білім беру жүйесін қалыптастырудың қажетті және міндетті кезеңі ретінде қарастырылады	Разработка муниципальной модели интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями на основе системно-комплексного подхода. Дисс.к.п.н., Екатеринбург 2007- 175с.	С.О. Брызгалова

5	Өңірлік модель	Арнайы білім берудің өңірлік жүйесі – бұл тиісті аймақтың білім беру және өзге де әлеуметтік институттарындағы өзара байланысты білім беру, оңалту, инновациялық процестердің салыстырмалы тұтас, көп өлшемді, өзін-өзі дамытатын жиынтығы, сондай-ақ арнайы білім беру субъектілерінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған процестерді басқару жөніндегі қызметі	Проектирование и организация региональных систем специального образования. Автореферат дисс...д.п.н., Санкт-Петербург, 2007- 53с.	М.Л. Баранова
6	Инновациялық модель	Балалар емханасының құрылымында перинатальді энцефалопатиясы бар балаларды сүйемелдеудің кешенді ЛМПП инновациялық моделі барлық мамандар мен ата-аналардың тікелей өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді (барабар емдеу, клиникалық зерттеулер, психологиялық-логопедиялық диагностика және түзету, қосымша зерттеулер мен консультацияларға жолдамалар, емдеуге жатқызуға және мамандандырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен мектептерге жолдамалар және т.б.), міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде жүзеге асырылады, перинатальді энцефалопатиясы бар әрбір баланы мектепке оқуға дайындау үшін қажет болатын сапалы, уақытылы, тегін көмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді	Инновационная модель комплексного сопровождения развития детей с перинатальной энцефалопатией и ее последствиям. дисс...д.п.н., Москва 2009-452с.	Е.Ф. Архипова
7	Интегративті модель	Жалпы мектептің есту қабілеті бұзылған оқушыны қабылдауға дайындығы мәселесі ұйымдастырушылық, қаржылық, техникалық және кадрлық мәселелерді шешуді талап етеді, бұл өз кезегінде интеграцияланған оқытуды мүмкіндігінше тиімді етеді	Включение детей с нарушением слуха в образовательную среду массовой школы. дисс.к.п.н., Москва, 2009- 182с.	Т.А. Соловьёва
8	Синергетикалық модель	ТДН бар мектеп жасына дейінгі балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің синергетикалық моделі негізгі ішкі жүйелерді қамтиды: теориялық және әдістемелік (тәсілдер, тұжырымдамалық ережелер, принциптер)	Синергетическая модель психолого-педагогической помощи дошкольникам с тяжелыми двигательными нарушениями. дисс...д.п.н., Москва 2011- 397с.	Т.Н. Симонова
9	Муниципальді модель	Инклюзивті білім беру моделі мақсатты, субъективті, мазмұнды-ұйымдастырушылық және нәтижелі-өлшемшарттық құрамдас бөліктердің тұтастығына	Модель инклюзивного образования в условиях муниципальной образовательной системы. дисс...к.п.н., Томск 2013- 285с.	Н.А. Медова

		негізделген және оған ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайлар жүйесі, басқарудың екі деңгейлі құрылымы, муниципальді білім беру жүйесі жағдайында инклюзивті білім беруді басқару жүйесін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының жиынтығы кіреді		
10	Интегративті модель	Құзыреттілік тәсіл болашақ педагогтер мен психологтарды даярлау барысында білімнің, біліктің және қызмет тәжірибесінің өзара ену және өзара бірін-бірі толықтыру мүмкіндіктерін ашатын интегративті тәсілмен мазмұнды түрде толықтырылуы мүмкін	Интегративная модель подготовки педагогов и психологов для работы с младшими школьниками с ЗПР в условиях инклюзивного образования. дисс. дп.н., 2020- 245с.	Т.В.Кузьмичева
11	Құрылымдық-мазмұндық модель	Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты – мектепте инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыруда «мектеп-отбасы» ынтымақтастығының педагогикалық әлеуетін толыққанды жүзеге асыру. Инклюзивті білім беруді дамыту бағытындағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығының мазмұны танымдық-мазмұндық, мотивациялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және нәтижелік-бағалаушы компоненттерін қамтиды	Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Шымкент, 2022ж.- 160б.	Э.К. Ахметова
12	Құрылымдық-мазмұндық модель	Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру моделінің құрылымдық компоненттері мотивациялық-құндылық, мазмұндық, белсенділік, құзыреттілік компоненттері болып табылады	Формирование профессиональных компетенций будущих социальных педагогов к работе в условиях инклюзивного образования 6D012300 – Социальная педагогика и самопознание. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD), Алматы 2023- 239с.	Ж.Т.Махамбетова

Осылайша, диссертациялық жұмыстардың кестеде келтірілген талдауы инклюзивті білім беру моделін жобалаудың әртүрлі тәсілдері бар екенін көрсетті және авторлар модельдердің келесі түрлерін анықтайды:


- инновациялық модель;
- аймақтық модель;
- интегративті модель;
- синергетикалық модель;
- құрылымдық-мазмұндық модель және т.б.

С.О.Брызгалова муниципалды білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру моделінің жұмыс істеу шарттары: кадрлық қамтамасыз етуді қалыптастыру әдістері; ведомствоаралық өзара іс-қимыл, күрделі бұзылыстары бар балаларды қоса алғанда, білім алу мүмкіндіктері

эртүрлі балалардың бірлескен қызметі арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру процесіне қосу технологиясы деп санайды [13].

Н.Л.Лестова арнайы (түзету) мектептің жаңартылған моделін жүйе мен кіші жүйелердің алдында тұрған мақсаттарды (барлық оқыту деңгейлеріндегі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту процестерінің сабақтастығы) ескере отырып, қалыптастырылған және арнайы білім берудің даму бұзылыстары бар оқушыларды бейімдеу, әлеуметтік оңалту сияқты түпкі мақсаттарына тиімді қол жеткізу үшін педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған модульдік-блоктық құрылым ретінде қарастырады. Арнайы (түзету) мектептің жаңартылған моделінің ұсынылған құрылымдық жүйесінде бірнеше өзара байланысты құрылымдық модульдер көрсетілген [6]. 2-сурет:

- бағалау-болжау модулі;
- білім беру жүйесін және түзету-дамыту әсерін жоспарлау мен іске асыру модулі;
- педагогикалық инновацияларды, әдістемелік көмек пен кеңес беруді дамыту модулі.



2-сурет Арнайы (түзету) мектептің жаңартылған моделінің құрылымдық модульдері (Н.Л. Лестова)

Л.М.Беткер, М.И.Еременко, Н.В.Лопаткина инклюзивті білім беру оқушыларды арнайы мектептерден тұрғылықты аумағы бойынша мектептерге немесе арнайы сыныптардан жалпы білім беретін сыныптарға «көшіру» ғана емес, оқыту мен тәрбиелеу процесін әр баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, ұйымдастыру қажеттілігі ретінде қарастырады [16].


Білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде мектеп моделінің жүйе құраушы компоненттерін анықтау маңызды екенін 3-суреттен көруге болады:

- ұйымдастырушылық компонент – барлық процестерді басқаруға арналған;
- мазмұнды компонент – білім беру, тәрбие, түзету-дамыту процестерінің мазмұнын анықтау;
- құндылық компоненті – инклюзия философиясын қабылдау, қатынастарды өзгерту.

Тәжірибе инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру бойынша құрылған модель көпнұсқалы және икемді болуға тиіс, сонымен қатар бұл балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, үнемі өзгерістегі динамикалық процесс екендігін растайды.

Инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру моделінің негізгі элементтерімен 4-сурет арқылы танысуға болады: нормативтік-құқықтық, кадрлық, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық қолдау, кедергісіз әмбебап ортаны ұйымдастыру, толерантты қатынастарды дамыту және тәрбие ортасын құру.





3-сурет Инклюзивті мектеп моделінің жүйе құраушы компоненттері  
(Л.М.Беккер, М.И.Еременко, Н.В.Лопаткина)


Модельдің жұмыс істеу тиімділігі балалардың білім алу, әлеуметтік даму құқықтарын толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін осы элементтер арасындағы оңтайлы өзара байланысқа байланысты.



4-сурет Инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру моделінің негізгі элементтері [16].

Э.А.Шепунова муниципалды білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді білім беру жағдайында модельдің мақсатты, полисубъективті, ұйымдастырушылық-мазмұнды және нәтижелі-критериалды компоненттерін анықтады [17].

5-сурет.



5-сурет Инклюзивті білім беру моделінің негізгі компоненттері (Э.А.Шепунова)

**Қорытынды.** Осылайша, біздің ойымызша, орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделі жүйе болып табылады және кез келген жүйенің беталысы келесідей принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

- кез келген дамып келе жатқан жүйенің эволюциясы барысында екі қарама-қарсы тенденцияның өзара әрекеттесуі;
- осы жүйені сақтау тенденциясы мен өзгерту тенденциясы;
- кез келген дамып келе жатқан жүйеде бақылаудың әртүрлі формаларының реттеуші әсерінен салыстырмалы түрде тәуелсіз және оның қолданыста болу жағдайларында күтпеген өзгерістер болған кезде жүйенің өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін шамадан тыс бейімделмейтін элементтердің қызмет етуі;
- әр түрлі жүйелердің даму қажеттілігінің шарты – бұл жеке өзгергіштік жүйелерінің бейімделу нысандары арасындағы қайшылықтың (қақтығыстың немесе гармоникалық өзара әрекеттесудің) болуы.

Тұтастық – бұл жүйенің қасиеттерінің оны құрайтын элементтері қасиеттерінің қосындысына түбегейлі төмендетілмеуі және соңғы бүтіннің қасиеттерінен шығарылмауы; тұтастықтың әр элементінің тәуелділігі, жүйенің қасиеті мен оның орнына қарай қатынасы, қызметі және т.б.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, жүйенің негізгі сипаттамаларын көрсетуге болады:

- құрылым немесе элементтер арасындағы байланыстар мен қатынастардың белгілі бір моделі;
- жүйенің әр элементінің иерархиясы немесе қасиеті, сонымен қатар жүйені қалыптастыру; сондықтан мұндай ішкі жүйелердің бірнеше деңгейлері бүтіннің ішінде болуы мүмкін; сонымен қатар, жүйе біртұтас ретінде белсенді жағы бола отырып, өз ортасымен өзара әрекеттесе алады. Жүйенің міндетті қасиеті оның әрекетінің болуы. Күрделі ашық жүйелер ақпаратты жинақтау және бөлісу қабілетіне ие, яғни оларда басқару және өзін-өзі ұйымдастыру процестері пайда болады. Мұндай жүйелер бұзылатын әсерге ұшырап, тепе-теңдікті қалпына келтіре алады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 27.07.2007ж. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
2. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Современная модель специального образования в контексте интеграции ребенка со специальными образовательными потребностями с общеобразовательной средой // Специальное образование. 2006. №7. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennaya-model-spetsialnogo-obrazovaniya-v-kontekste-integratsii-rebenka-so-spetsialnymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami-s>
3. Моделирование как метод научного исследования (гносеологический анализ)/Под общ. ред. Б.А.Глинского, Б.С.Грязнова, Б.С.Дынина, Е.П.Никитина. -М.:Изд-во Московского ун-та, 1965-246с.
4. Штофф В.А. Моделирование и философия /М.-Л.: Наука, 1966.-300 с.
5. Суходольский Г.В. Структурно-алгоритмический анализ и синтез деятельности Л.: ЛГУ, 1976.- 120 с
6. Лестова Н.Л. Региональная модель системы специальной педагогической помощи детям с проблемами в развитии в Пермском крае: историко-генетический подход.дисс..к.п.н, Екатеринбург 2007-206с.

7. Индивидуальный подход к учащимся в специальном (коррекционном) образовательном учреждении: концепция, аспекты оценки индивидуальности и планирования коррекционно-развивающей работы / под ред. В. В. Коркунова; Урал. гос. пед. ун-т. Екатеринбург, 2005.
8. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте // Избранные психологические исследования. - М., 1956.
9. Власова Т.А. Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии. 2-е изд., испр. и доп. М., 1973
10. Сериков Г.Н. О систематизации понятий педагогики. Теория образования. 2013г., №4
11. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования. Описание объяснение, понимание социальной реальности. – М. Добросвет, 2000 – 596 стр
12. Алексеев О.Л., Коркунов В. В. Системный подход как методологическая основа научного познания // Специальное образование. 2002. № 1.
13. Брызгалова С.О. Разработка муниципальной модели интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями на основе системно-комплексного подхода. дисс..к.п.н., Екатеринбург 2007-175с.
14. Кузьмичева Т.В. Интегративная модель подготовки педагогов и психологов для работы с младшими школьниками с ЗПР в условиях инклюзивного образования. дисс.д.п.н., 2020-245с.
15. Антропова Ю.Ю. Моделирование системы оказания специальной помощи детям с ограниченными возможностями здоровья в Уральском регионе: На примере Свердловской области. дисс...к.п.н. Екатеринбург, 2003-261с.
16. Организация инклюзивного образования обучающихся с ограниченными возможностями здоровья и/или детей-инвалидов: методические материалы для руководителей, педагогов, специалистов сопровождения (учителей-логопедов, учителей дефектологов, педагогов-психологов, социальных педагогов, тьюторов) / авторы-сост. : Л. М. Беткер, М.И. Еременко, Н.В. Лопаткина – Ханты-Мансийск, РИО ИРО, 2016.– 90 с.
17. Шепунова Э.А. Моделирование в условиях формирования доступного образования для детей с особыми образовательными потребностями в муниципальной образовательной системе / Молодой ученый. – 2020. – № 1 (291). – С. 154-157.

#### References:

1. Zakon Respubliki Kazahstan «Ob obrazovanii», 27.07.2007g. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)
2. Korkunov V.V., Bryzgalova S.O. Sovremennaya model' special'nogo obrazovaniya v kontekste integracii rebenka so special'nymi obrazovatel'nymi potrebnyami s obshcheobrazovatel'noj sredoj // Special'noe obrazovanie. 2006. №7. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennaya-model-spetsialnogo-obrazovaniya-v-kontekste-integratsii-rebenka-so-spetsialnymi-obrazovatel'nymi-potrebnyami-s>
3. Modelirovanie kak metod nauchnogo issledovaniya (gnoseologicheskij analiz) / Pod obshch. red. B.A. Glinskogo, B.S. Gryaznova, B.S. Dynina, E.P. Nikitina. – М.: Izd-vo Moskovskogo un-ta, 1965. —246 s.
4. SHtoff V.A. Modelirovanie i filosofiya /M.-L.: Nauka, 1966.-300 s.
5. Suhodol'skij, G. V. Strukturno-algoritmicheskij analiz i sintez deyatel'nosti L.: LGU, 1976.- 120 s
6. Lestova N.L. Regional'naya model' sistemy special'noj pedagogicheskoy pomoshchi detyam s problemami v razvitii v Permskom krae: istoriko-geneticheskij podhod. diss..k.p.n, Ekaterinburg 2007-206s.
7. Individual'nyj podhod k uchashchimsya v special'nom (korrekcionnom) obrazovatel'nom uchrezhdenii: koncepciya, aspekty ocenki individual'nosti i planirovaniya korrekcionno-razvivayushchej raboty / pod red. V. V. Korkunova ; Ural. gos. ped. un-t. Ekaterinburg, 2005.
8. Vygot'skij L.S. Problema obucheniya i umstvennogo razvitiya v shkol'nom vozraste // Izbrannye psihologicheskie issledovaniya. М., 1956.
9. Vlasova T.A. Pevzner M.S. O detyah s otkloneniyami v razvitii. 2-e izd., ispr. idop. М., 1973
10. Serikov G.N. O sistematizacii ponyatij pedagogiki. Teoriya obrazovaniya. 2013g., №4
11. Yadov V.A. Strategiya sociologicheskogo issledovaniya. Opisanie ob'yasnenie, ponimanie social'noj real'nosti. – М. Dobrosvet, 2000 – 596 str
12. Alekseev O.L., Korkunov V. V. Sistemnyj podhod kak metodologicheskaya osnova nauchnogo poznaniya // Special'noe obrazovanie. 2002. № 1.
13. Bryzgalova S.O. Razrabotka municipal'noj modeli integrirovannogo obucheniya detej s ogranichennymi vozmozhnostyami na osnove sistemno-kompleksnogo podhoda. diss. k.p.n., Ekaterinburg 2007-175s.
14. Kuz'micheva T.V. Integrativnaya model' podgotovki pedagogov i psihologov dlya raboty s mladshimi shkol'nikami s ZPR v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya. diss. d.p.n., 2020-245s.
15. Antropova YU.YU. Modelirovanie sistemy okazaniya special'noj pomoshchi detyam s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya v Ural'skom regione: Na primere Sverdlovskoj oblasti. diss...k.p.n. Ekaterinburg, 2003-261s.

16. Organizaciya inklyuzivnogo obrazovaniya obuchayushchihsya s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya i/ili detej-invalidov: metodicheskie materialy dlya rukovoditelej, pedagogov, specialistov soprovozhdeniya (uchitelej-logopedov, uchitelej defektologov, pedagogov-psihologov, social'nyh pedagogov, t'yutorov) / avtory-sost. : L.M.Betker, M.I.Eremenko, N.V.Lopatkina – Hanty-Mansijsk, RIO IRO, 2016.– 90 s.

17. Shepunova, E.A. Modelirovanie v usloviyah formirovaniya dostupnogo obrazovaniya dlya detej s osobymi obrazovatel'nymi potrebnyami v municipal'noj obrazovatel'noj sisteme / Molodoj uchenyj. – 2020. – № 1 (291). – S. 154-157.

МРНТИ 14.27.05

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.028>

А.С.Косшыгулова,<sup>1</sup> К.К.Жампеусова,<sup>1</sup> С.Р.Кыдырова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

## ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын зерттеудің психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеудің көкейтестілігі қарастырылады. Жылдам дамып келе жатқан постиндустриалды қоғамда білім алушының жеке тұлғалық мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне, кәсіби өзін-өзі анықтау траекториясына сүйене отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру үздіксіз педагогикалық процессте көрініс береді. Бұл процестің тиімділігін арттыру үшін, әсіресе ересек өмірге аяқ басуға ниет білдірген оқушыға, тек кәсіптің күресінде ғана емес, сонымен қатар өзінің білім беру және кәсіби сценарийін әзірлеу және іске асыру үшін ресурстарды іздеуде, сондай-ақ осы ресурстарды өз бетінше пайдалануға үйретуде психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Осыған байланысты орта білім беретін мектептің басты міндеттерінің бірі білім алушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және білім беруді жалғастыру және одан әрі кәсібилендіру туралы шешімдерді кезең-кезеңімен қабылдауға көмектесу болып табылады.

Зерттеудің мақсаты-жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін зерттеуді психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу.

Аталған мақсатқа орай психологиялық-педагогикалық деректерді теориялық талдау және эмпирикалық өңдеу, диагностикалау әдістері кеңінен қолданылды. Мақала авторлар «кәсіп», «кәсіптік бағдар», «кәсіби өзін-өзі анықтау» және т.б. ұғымдарына ғылыми талдаулар жасалады. Ғылыми теориялық талдаулар бойынша білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін диагностикалау тәсілдерін негіздеуге мүмкіндік берді.

Мақалада орта білім беру мекемелеріндегі жоғары сынып оқушыларының «Педагог» мамандығын таңдаудағы кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан диагностикалық негіздеу қарастырылады.

**Түйін сөздер:** кәсіп, кәсіптік бағдар, кәсіби өзін-өзі анықтау, диагностика, психологиялық-педагогикалық ерекшелік.